

А.Р. Куттығалиеваның «8D04201 – Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақстандағы отбасы, аналық, әкелікті және балалықты әлеуметтік қорғау: теориялық және практикалық мәселелері» диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Докторант Куттығалиева Анар Райымовнаның диссертациялық еңбегі адамзаттың дамуындағы сонымен бірге Қазақстан Республикасының нәтижелі дамуындағы маңызды салалардың бірін зерттеуге арналған: аналықты, әкелік пен балалық шақты қорғау және олардың әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерімен байланысты. Нақтырақ айтсақ, жұмыста автор халықаралық стандарттарды ескере отырып, Қазақстандағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің құқықтық реттеудің іргелі мәселелерін зерделеп әлеуметтік саладағы ұлттық реформалардың динамикасын талдайды.

Диссертациялық еңбекте құқықтық реттеу мен заңнаманың жағдайы азаматтардың әлеуметтік құқықтары кепілдіктерінің жағдайына қалай әсер ететіні анықталады, сонымен қатар автор ана, әке және балалық шақтың әлеуметтік қамсыздандыру жағынан нормативтік кемшіліктерін анықтап, қолданыстағы заңдарда конституциялық әлеуметтік кепілдіктердің орындалуын бағалайды.

Аталмыш диссертацияның тағы бір айта кетерлік өзектілігі – жұмыс осы күнге дейін Қазақстандағы ең соңғы саяси реформаларды талдау жасай отырып саяси биліктің қайта құрылуымен де, азаматтық қоғамның әлеуметтік белсенділігінің артуымен де әлеуметтік саладағы өзгерістерді зерттейді. Ал бұл тақырып арнайы ғылыми ізденістердің нысаны әлі болған жоқ. Сондықтан, А.Р.Куттығалиеваның диссертациясы отандық заң ғылымындағы әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қорғаудың ұлттық модельдерін зерттеудегі алғашқы талпыныс болады. Мұндағы ең басты мәселе: халықтың әлеуметтік жағдайындағы құқықтық қолдау сапасын жақсарту мүмкіндіктері мен әдістерін дәлелдеу, сондай-ақ, ұсынылған шаралардың нәтижелерін болжау.

Қазақстанда әлеуметтік мемлекеттің конституциялық және құқықтық негіздерін, әлеуметтік қамсыздандыру құқығын негіздеуге жетекші ғалымдардың теориялық зерттеулері үлкен үлес қосқаны белгілі. Олардың ішінде М.Т. Баймаханов, Қ.А. Жиренчин, С.З. Зиманов, Ж. Кенжалиев, В.А.Ким, Ө.Ш. Жалаиры, А.Қ. Котов, С.Н. Сәбикенов, С.С. Сартаев, Г.С.Сапарғалиев, М.Қ. Сүлейменов және т.б. еңбектерін атауға болады. Сонымен қатар, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы туралы заңнама, құқық қолдану практикасы мысалында бірнеше кандидаттық диссертациялар дайындалды (И.В. Межибовская, С.М. Алдашев, Б.Х. Олжабаев, Ж.А. Хамзина және т.б.). Бірақ, диссертацияның ғылыми жаңалығы ата-ана, бала, мүгедек отбасы бар отбасылар, сондай-ақ табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар жағдайында әлеуметтік қорғаудың тиімді тетіктерін құруға мемлекет пен қоғамның қызығушылығымен айқындалады.

Ғылыми еңбектің құндылығы: мемлекеттік тілде зерттеу жасалып, оның ішінде көптеген халықаралық рецензияланатын импакт-факторы бар журналдарда басылған шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылып оларға сілтеме жасалған. Егер Қазақстанда отбасы, аналық, әкелікті және балалықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік тілде ғылыми жұмыстардың жоқтығын айта кетсек, А.Р.Куттығалиеваның халықаралық Scopus, Web of Science мәліметтер базасына индекстелетін журналдарда ағылшын тілінде жазылған бір шама мақалаларында айта кету керек.

Сонымен, диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер әр тарауда және қорытындыда келтірілген. Бірақ одан басқа нақты жасалған ғылыми-практикалық нәтижелерді де айта кетуге міндеттіміз. Мысалы:

- Қазақстан Республикасының «Ата-ана мен баланы әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнама актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы дайындалып оған түсіндірме жазба, тұжырымдама даярланды. Алынған зерттеу нәтижелері ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрілігіне заң жобасы нысанында заң шығару бастамасына ұсыныс ретінде, ҚР Парламентінің Сенатына жіберілді;

- 2019 жылы №5615 авторлық құқықпен қорғалатын куәлік тіркелді;

- жоғары оқу орындары үшін автордың үлесімен 1 оқу құралы, 1 әлеуметтік-құқықтық актісі жинағы, типтік оқу бағдарламалары, монография жарық көрді;

- диссертацияның негізгі мазмұны мен нәтижелері 30-дан астам мақалада ғылыми және ғылыми-практикалық басылымдарда, оның ішінде 4 шетелдік басылымдарда, 5 ҚР БҒМ ұсынған жарияланымдарда көрініс тапқан. Диссертациялық зерттеудің ережелері мен тұжырымдары 9 ғылыми конференцияда сыналды.

А.Р. Куттығалиеваның «Қазақстандағы отбасы, аналық, әкелікті және балалықты әлеуметтік қорғау: теориялық және практикалық мәселелері» тақырыбында (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмысы «8D04201 – Құқықтану» мамандығының паспортына және барлық талаптарға сәйкес жазылған деп есептеймін. Диссертациялық жұмысты қорғауға жіберуге рұқсат етемін.

**Отандық ғылыми кеңесші:
заң ғылымдарының докторы,
профессор**

Е.Ә. Бөрібаев

5.06.2020

Подпись Бөрібаев Е.Ә.
Начальник отдела кадров ИнЕУ
ИнЕУ кадырлар бөлімінің бастығы

